

*“Интербелсенді” тақтаны
білім саласында қолдану*

ACTIVSTUDIO БАҒДАРЛАМАСЫ

- Оқыту үрдісінің басты мәселелерінің бірі оқыту материалының қабылдау деңгейін қалай көтеруге болады, яғни түсінуді, есте сақтауды және алған білімді қолдануды жақсарту болып табылады. Ақпараттың 80 пайызын адам көру органдары, 15 пайызын есту және қалған 5 пайызын иіс, дәм сезімдері арқылы қабылдайтыныны белгілі. Бірақ, тек қана қабылдау емес, ақпаратты есте сақтау туралы сөз қозғағанда қозғалыс зейінінің ролі өседі. Сондықтан, сабақ уақытында оқушыларға әрдайым түсіндіріліп жатқан материалға байланысты өздеріне әрекет етуге мүмкіндік беру керек. Осы жағдайда жаңа ақпараттық технологиялар өте үлкен көмек көрсетеді, түсіндіруге және ақпаратты белсенді қабылдау

үшін мультимедиялық орта беріп қана қоймай, оқушылардың осы ақпаратты оқып-үйренуге деген мотивациясын жоғарылатады. Кәзіргі кездегі білім саласында қолданатын жаңа ақпараттық технологиялардың негізгі компоненттерінің бірі - электрондық ***интерактивті тақталар***. ***Интерактивті тақталарды*** білім саласында қолдану оқыту үрдісіне жаңа сапа енгізеді, өйткені, тек қана сабақты дайындауды және өткізуді жеңілдетіп қоймай, интерактивті тақталарға дейін болмаған мүмкіндіктерге жол ашады.

Интерактивті тақтамен жұмыс істеудің мұғалім үшін артықшылығы:

Мұғалімге жаңа материалды сынып ортасында тұрып түсіндіруге мүмкіндік береді;

Кез-келген қосымшалардың үстіне сурет салуға және жазба жазуға мүмкіндік береді;

Артық уақыт, күш-жігер жұмсамай тақтадағы кескінді, сабақ уақытында жасалған жазбаларды сақтауға және баспаға беруге, және материалды қабылдау деңгейін тексеруді жеңілдетеді.

Мұғалімдерді оқытудың жаңа түрлерін іздеуге, кәсіби шеберлікке ынталандырады

- ***Оқушылар үшін интерактивті тақтамен жұмыс істеудің артықшылығы:***
- Сабақты қызықты етеді және оқушы үшін мотивациясын дамытады;
- Ұжымдық жұмысқа қатысуға, жеке және әлеуметтік дағдыларын дамытуға көп мүмкіндік береді.
- Оқыту материалының түсінікті, тиімді және өзгермелі берілуінің арқасында оқушылар қиын сұрақтарды жеңіл және тез қабылдайды.
- Оқушылар шығармашыл түрде жұмыс істей бастайды және өздеріне деген сенімі арта түседі.
- ***Бірақта тақта - тек қана құрал, ал оқыту үрдісінің тиімділігі көбінесе мұғалімнің шеберлігі мен арнаулы бағдарламалық қамсыздандырудың сапасына байланысты екенін естен шығармағанымыз жөн.*** Осылайша, интерактивті тақтаны қолдану оқу үрдісін кемелдендіруге жаңа мүмкіндік береді, оқушы мен мұғалімнің өз бетінше атқаратын және бірлескен жұмыстарын шығармашыл етеді.

ИНТЕРАКТИВТІ ҚҰРЫЛҒЫЛАРҒА ҚЫСҚАША СИПАТТАМА

-
- ***ACTIVboard*** – Активті Экран интерактивті тақта дербес компьютер және проектормен бірігіп жұмыс істейді. Бұл бағдарлама аудиторияға электронды конспект дайындап оны көрсету үшін өте тиімді.
-



ACTIVpen



1. электронды қарындаш компьютерді
Активті Экран арқылы басқарып,
Windows-та түрлі аннотациялар жасап
көрсете алады.

ACTIVtablet



планшеті – алдын ала
материалды дайындап, кейін оны
ACTIVboard –та көрсетуге өте
ыңғайлы



ACTIVote

- тестілеу жүйесі – аудиторияда қатысып отырғандарға тест немесе сұраққа радиопульт арқылы жауап беріп, ал қорытындысын экраннан көруге болады.

ACTIVslate

ТОППЕН
презентация
(конференция)
өткізгенде
қолдану өте
ЫҢҒАЙЛЫ.



ACTIV wand

- электронды таяқша.

